

«Бекітемін»
Алматы қаласы
Денсаулық сақтау басқармасы
ШЖҚ «№17 Қалалық емхана» МКК
бас дәрігері
_____ **А.Тәжиева**
« _____ » қаңтар 2017ж.

ШЖҚ «№17 Қалалық емхана» МКК
бақылау кеңесінің хатшысы туралы
Ереже

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы күшіндегі заңнамасына, ШЖҚ «№17 Қалалық емхана» МКК (ары қарай – Кәсіпорын) Жарғысы және басқа да ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген және бақылау кеңесі хатшысын тағайындау тәртібі мен қызметін, оның статусын, өкілеттілігі мен құзырлығын айқындайды.

2. Бақылау кеңесінің хатшысы Кәсіпорынның қызметкері болып табылады және Бақылау кеңесінің мүшесі болып табылмайды.

3. Бақылау кеңесінің хатшысы:

1) Бақылау кеңесіне бағынышты;

2) Бақылау кеңесі төрағасының тапсырмасы бойынша кезекті және кезектен тыс Бақылау кеңесінің отырысы өткізілуі туралы Бақылау кеңесі мүшелерін хабарландырады;

3) Бақылау кеңесінің мүшелері өз міндеттерін нақты орындау мақсатында маңызды қажетті ақпараттармен және құжаттармен Бақылау кеңесінің төрағасы мен мүшелерін қамтамасыз етеді;

4) Бақылау кеңесіне жолданған кіріс-шығыс хат-хабарлардың тізімін жүргізеді және сәйкесті жауап берілуін ұйымдастырады;

5) Бақылау кеңесі берген және Бақылау кеңесінің төрағасы берген құжаттарды рәсімдейді, және олардың Бақылау кеңесі мүшелеріне, өкілетті органға, басқа да ШЖҚ МКК басқару органдарының лауазымдық тұлғаларына ұсынылуын қамтамасыз етеді;

6) Бақылау кеңесі отырысының хаттамаларын жүргізеді;

7) Бақылау кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдер туралы Бақылау кеңесінің мүшелерін ақпараттандырады;

8) Күн тәртібі мәселелері бойынша шешім қабылдау үшін қажетті ақпаратты Бақылау кеңесі мүшелеріне дер кезінде ұсынылуы үшін қажетті шараларды қабылдайды;

9) Бақылау кеңесі қызметінің есебін құрастырады. Бақылау кеңесінің хатшысы Кәсіпорынның қызметкері болып табылады, бақылау кеңесінің не Кәсіпорынның атқару органының мүшесі болып табылмайтындықтан өзінің лауазымдық міндетін толық жұмыс күні режимінде тұрақты негізде орындайды.

4. Бақылау кеңесінің хатшысы өзінің қызметін жүзеге асыру үшін Кәсіпорынның барлық құрылымдық бөлімшелерімен және оның лауазымдық тұлғаларымен өзара әрекет етеді.

5. Бақылау кеңесінің хатшысы Кәсіпорын бақылау кеңесімүшелерінің біреуі ұсынуы бойынша бақылау кеңесі хатшысын сайлау туралы бақылау кеңесінің шешімі негізінде тағайындалады.

6. Кәсіпорынның бақылау кеңесі қалаған уақытта бақылау кеңесі хатшысының өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдауға құқылы.

7. Бақылау кеңесі хатшысының жалақысы бақылау кеңесінің шешімімен белгіленеді.